

(І тоқсан)

2020 ж.

Оқушының аты-жөні _____

Сыныбы: _____

1.Тест сұрақтары (5 ұнай)

1. Фразеологизмдердің негізгі неше белгілері бар?

A) 3 B) 4 C) 2 Д) 5 E) 6

2. *Фразеологизмдердің тууына түп қазық, тірек болатын сөздерді қалай атайды?*

В) фразеологизмнің көпмағыналылығы

Д) фразеологиялық тіркес

Е) фразеологиялық бірлік

3. «Ит тұмсығы өтпейтін» фразеологизмінің мағынасын тап

А) алыс В) нү С) калың Д) тығыз Е) таяз

4. Мақал-мәтелдер құрылымдық жағынан нешеге бөлінеді?

A)5 B)3 C)4 Д)2 E)6

5. Мәтелді тап.

В) Арыстанның әзілінен түлкі өліпті

Д) Білімдіге дүние-жарық, білімсіздің күні-кәріп

Е) Тұман арты жұт болар, тұмау арты күрт болар

2-тапсырма. Мәтінді оқып, ішінен үндестік заңына бағынбай тұрған сөздерді теріп жазыңдар. (5 ұ.)

Қазақстанның дәрілік өсімдіктері

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өсімдіктерден алынған дәрілерге өте үлкен мән береді.

Ойткені көптеген кедей мемлекеттер халықтарының дәріханалардан дәрілер сатып алуға шамалары жоқ. Сондықтан олар бұрынғыша емдеудің дәстүрлі әдістерін қолданады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) бағасы бойынша дүниежүзі халқының 80%-ы осындай жағдайда. Кейбір Азия мемлекеттерінде, мысалы Қытай Халық Республикасы, Жапония, Индия бұрынғыша қазіргі заманғы медицина жетістіктерімен қатар халық емшілерінің емдерін кеңінен қабылдауда.

Соңғы жылдары дамыған елдерде ауырған адамдардың көбісі табиғи жолмен алынған дәрілерді артық көре бастады. Мысалы, Жапонияда фармацевтикалық жолмен алынған препараттарды сатып алу 2,6 есе өссе, табиғи жолмен алынған дәрілер 15 есе өсті. Қытайда 1993 жылы өсімдіктерден алынған дәрілер сатудың жалпы бағасы 2,5 млрд. доллар болды.

Америка Құрама Штаттарында дәрігерлердің жазған рецепттерінің 25%-ы өсімдік препараттары. Халықтың арасында сұрау жүргізгенде сол мәлімет берген адамдардың Голландияда және Бельгияда 60%, Англияда 74% қосымша медицинаны халықтың пайдалануға мүмкіншілігі болу керек деген. Қазақстанда дәріханаларда сатылатын қымбат дәрілердің 70-90%-ы шет елдерден әкелінген. Өз елімізде дәрілік өндірісті дамыту үшін әрине көп уақыт керек. Ол үшін медицинада дәрілік өсімдіктердің өздерін кеңірек пайдалану қажет.

3-тапсырма. Фразеологизмдерді мағынасымен сәйкестендір (5 ұпай)

1. Қабағы кірбің тартты анық 1

2. Айылын жимады жабырқады 2

3. Салы суға кетті қуанды 3

4. Төбесі көкке жетті сескенбеді 4

5. Тайға таңба басқандай үміті үзілді 5

4-тапсырма. Керекті сөздерін тауып, орнына қой. (3 ұпай)

1. Сөз тоқтайды,

Су тоқтайды,

Пышақ тоқтайды.

2. Атаңнан қалғанша, қалсын.

3. Дәрі шығады,

Дана шығады.

Керекті сөздер: қынға, мал, шынға, шөптен, шымға, тал, көптен

5-тапсырма. Ережені толықтыр. (2 ұпай) _____ аяқталған бір тиянақты ойды білдіреді, өз алдына тұрып та дербес мағына береді. _____ жеке тұрып тиянақты ойды білдіре алмайды, тек белгілі бір ойды, пікірді ажарлау, айқындау үшін қолданылады.

6

